

«Қазақстан шетелдік БАҚ көзімен» конкурсына қатысу ережелері

- Конкурсқа қатысуға барлық мемлекеттердің азаматтары шақырылады (**Қазақстан азаматтарынан басқа**);
- Конкурсқа шетелдік баспа, электронды және онлайн БАҚ штаттық және штаттан тыс қызметкерлері қатыса алады;
- Конкурсқа шетелдік БАҚ-та **2020 жылдың 1 шілдесінен 2021 жылдың 1 шілдесіне дейін** жарияланған **300-ден 3000-ға дейінгі** сөзден тұратын ақпараттық материал / ұзақтығы **2-ден 60 минутқа дейінгі** телевизиялық немесе радио репортаж, подкаст қатыса алады;
- Егер ақпараттық материалдың тілі ағылшын немесе орыс тілі болмаса, оның сол тілдердегі немесе қазақ тіліндегі аудармасын тіркеу міндетті;
- Толтырылған өтінімдерді жарияланған материалмен және оның аудармасымен мына электронды поштаға жіберу қажет: contest@mfa.kz
- Материалдардың тақырыбы Қазақстанға қатысты бір немесе келесі 5 саланың бірнешеуін қамтуы тиіс: **экономика және сауда, мәдениет және дәстүр, тарих, туризм, заманауи қоғам, спорт**;
- Барлық материалдарды **2021 жылдың 10 шілдесінен** кешіктірмей жіберу қажет;
- Әділқазылар төмендегі аймақтардан **5 жеңімпазды** таңдап алады:
 - Оңтүстік және Солтүстік Америкадан;
 - Еуропадан;
 - ТМД және Балтық елдерінен;
 - Таяу Шығыс пен Африкадан;
 - Азия-Тынық мұхит аймағынан;
- Конкурс қорытындысын **2021 жылдың 1 тамызына дейін** жариялау жоспарланған;
- Жеңімпаздар **Қазақстанға сапармен** марапатталады. Ұйымдастырушылар эконом-класпен ұшу, қонақүйде тұру, жергілікті көлік және Қазақстандағы мәдени бағдарлама шығындарын, сондай-ақ тәуліктік шығынның шағын сомасын өтейді.